

**Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 "Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы" бұйрығына өзгертулер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 2012 жылғы 2 наурыздағы № 18-02/85 Бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2012 жылы 2 сәуірде № 7499 тіркелді

Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 8-бабының 39) тармақшасына сәйкес, **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрінің 2010 жылғы 2 маусымдағы № 367 «Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу ережесін бекіту туралы» бұйрығына (Нормативтік құқықтық кесімдерді мемлекеттік тіркеудің тізіліміне № 6321 тіркелген, 2010 жылғы 12 қарашадағы «Казахстанская правда» газетінде № 306-309 (26367-26370) жарияланған), мынадай өзгертулер мен толықтырулар енгізілсін:  
бұйрықтың атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасын бекіту туралы»  
» ;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Ұсынылып отырған, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасы бекітілсін.» ;

Көрсетілген бұйрықпен бекітілген, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру және жүргізу ережесіндегі:

Бүкіл мәтінде мемлекеттік тілдегі «Ереже» сөзі «Қағида» сөзімен ауыстырылсын, орыс тіліндегі мәтін өзгермейді;

Ереженің атауы мынадай редакцияда жазылсын:

«Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасы»;

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1. Осы, Ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру қағидасы (одан әрі – Қағида) Қазақстан Республикасының 2002 жылғы 10 шілдедегі «Ветеринария туралы» Заңының 8-бабының 39) тармақшасына сәйкес дайындалған және ауыл шаруашылығы

жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасын қалыптастыру, жүргізу және одан үзінді көшірмелер беру (одан әрі – Деректер базасы) тәртібін белгілейді.»;

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

«1) ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі деректер базасы – ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдардың бөлімшелері жүзеге асыратын және уәкілетті орган пайдаланатын диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жануарлардың жеке нөмірі туралы, оны ветеринариялық дауалау туралы деректерді, сондай-ақ жануардың иесі туралы деректерді тіркеудің біріңғай, көп деңгейлі жүйесін көздейтін ветеринариялық есептің б ө л і г і ;

2) топтастыру - ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіру жөніндегі мағлұматтарды жинақтау, біріктіру және орталықтандырылған сақтау;

3) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік орган (бұдан әрі – уәкілетті орган) – ветеринария саласында басшылықты және мемлекеттік саясатты іске асыруды, сондай-ақ өз өкілеттігі шегінде салааралық үйлестіруді жүзеге асыратын орталық а т қ а р у ш ы о р г а н ;

4) ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік органның ведомствасы (бұдан әрі - уәкілетті органның ведомствасы) – мемлекеттік ветеринариялық-санитариялық бақылауды және қадағалауды жүзеге асыратын ветеринария саласындағы уәкілетті мемлекеттік о р г а н н ы ң к о м и т е т і ;

4-1) ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді көшірме – мал иелерінің талап етуі бойынша тиісті аумақтық-әкімшілік бірлікте ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан алатын диагностикалық зерттеулер нәтижелерін қоса алғанда, жүргізілген ветеринариялық іс-шаралардың мерзімдері мен сипаты туралы мәліметтер;

5) ветеринариялық бөлімше – облыстардың, республикалық маңызы бар қаланың, астананың, ауданның, облыстық маңызы бар қаланың, аудандық маңызы бар қала, кент, ауыл (село), ауылдық (селолық) округтің ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы органдарының бөлімшелері.»;

мынадай мазмұндағы 15-тармақпен толықтырылсын:

«15. Мал иесінің талабы бойынша еркін түрдегі жазбаша өтініші тіркелген күннен бастап бір жұмыс күні ішінде тиісті аумақтық-әкімшілік бірлікте ветеринария саласындағы қызметті жүзеге асыратын жергілікті атқарушы орган бөлімшесінің ветеринариялық дәрігері ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді көшірме шығарып береді. Дерекқордан алатын аталған үзінді көшірме бір данада басылып шығарылады.

Ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру жөніндегі дерекқордан үзінді көшірменің формасы, осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес ұйымның мөрімен,

ветеринариялық дәрігердің лауазымының атауы көрсетіліп, қолымен расталады.».

Осы бұйрықтың қосымшасына сәйкес қосымшамен толықтырылсын.

2. Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің Ветеринариялық бақылау және қадағалау комитетіне (Н.Х. Жақыпбаев) заңнамада белгіленген тәртіпте осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткізілуін қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрық алғаш рет ресми жарияланғаннан кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

М и н и с т р д і ң

міндеттерін атқарушы

Е. Аман

Қ а з а қ с т а н р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы

Министрінің

м.а.

2 0 1 2 ж ы л ғ ы 2 н а у р ы з д а ғ ы

№ 18-02/85 бұйрығына қосымша

Қ а з а қ с т а н Р е с п у б л и к а с ы

Ауыл шаруашылығы

Министрінің

2 0 1 0 ж ы л ғ ы 2 м а у с ы м д а ғ ы

№ 367 бұйрығына қосымша

Үлгі

**Ауыл шаруашылығы жануарын бірдейлендіру жөніндегі**

**дерекқордан үзінді көшірме/**

**Выписка из базы данных по идентификации**

**сельскохозяйственных животных**

**Ветеринариялық паспорттың нөмірі / Номер ветеринарного паспорта:**

**Жануар туралы деректер / Данные о животном:**

**Т ү р і / Вид**

**Жынысы / Пол**

**Малдың тұқымы / Порода**

**Аты / Кличка**

**Ж а с ы**

**/**

**В о з р а с т**

**Бірдейлендіру әдісі / Метод идентификации Биркование (БР)**

**\*Егер асыл тұқымды жануар болса / если племенное животное**

**Тұқым қанының деңгейі / Кровность**

**Тұқым класы / Класс породы**

Малдың тегі туралы деректер / Данные о родителях \_\_\_\_\_ Сведения о владельце/Иесі туралы деректер:

Ауыл Т.А.Ә. или	шаруашылығы немесе наименование	заңды тұлғаның	жануарлары атауы/Ф.И.О.	тиесілі юридического	иесінің владельца лица,
которому принадлежит сельскохозяйственные животные					
Ауыл ауыстырылған	шаруашылығы күн/Дата		жануарларының смены		иесі владельца
сельскохозяйственных животных					
Есепке қою себебі/Причина постановки на учет					
Есептен шығару себебі/Причина выбытия					
Ауыл ауыстырылуын қолы мен подтверждающего	шаруашылығы растайтын мөрі/Подпись	и смену	жануарлары печать	иесінің мемветсанинспектордың госветсанинспектора,	иесінің владельца
сельскохозяйственных животных					

Ауыл шаруашылығы жануарларының тиісті ауруы бойынша ветеринариялық іс-шаралардың (егу, өңдеу, манипуляциялар немесе диагностикалық тесттер\*) атауы / Наименование ветеринарных мероприятий (прививки, обработки, манипуляции или диагностические тесты\*) по соответствующему заболеванию сельскохозяйственных животных

**1. Профилактикалық іс-шаралар**

**Іс-шаралар - ЕГУ (ВАКЦИНАЦИЯ)**

Иммунизацияның түрі	Аурулардың атауы	Аурулар коды	Иммунизация күні	Аурудың нәтижесі

**2. Диагностикалық зерттеулер**

**Зерттеулер – СЕРОЛОГИЯЛЫҚ**

Аурулардың атауы	Аурулар коды	Зерттеу жүргізілген күні	Зертеу нәтижесі

Берілген күні/ Дата выдачи:

М . О . / М . П .

(Үзінді жергілікті мөрі / (Көшірмесін атқарушы органының печать / местного исполнительного органа, выдавшего выписку) \_\_\_\_\_)

(Т.А.Ә., қолы / Ф.И.О., подпись)